

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК директоры
Калиева А. Ж.
«24» кабаша 2025 ж. № 174/6 бұйрығы



**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының
қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы
заңнаманың бұзылу фактілері немесе мүмкін бұзу
жағдайлары туралы хабарлау тәртібі**

Алматы, 2025 жыл

1-бөлім. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Училище) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына, Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 3 қаңтардағы № 188-VII «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Президентінің 02.02.2022 ж. № 802 Жарлығы) сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Тәртіп қызметкерлердің еңбек және кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау жағдайында қолданылатын іс-әрекет тәртібін белгілейді.

2-бөлім. Қысқартулар мен белгілеулер

2.1. Осы Тәртіпте төмендегі қысқартулар мен белгілеулер пайдаланылады:

- 1) Училище – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК;
- 2) Тәртіп - Училище қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі;
- 3) Журнал - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарламаларды тіркеу журналы;
- 4) Комиссия - Училище қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеу фактісі бойынша жүргізілетін тексеруді жүзеге асыратын комиссия.

3-бөлім. Терминдер мен анықтамалар

1. сыбайлас жемқорлық – лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктері мен мүмкіндіктерін жеке немесе делдалдар арқылы өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүлдітік (немесе мүлдітік емес) пайда алу немесе артықшылықтар алу мақсатында заңсыз пайдалану, сондай-ақ аталған тұлғаларды артықшылықтар көрсету үшін пара беру жолымен сатып алу;

2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлықты алдын алу, сыбайлас жемқорлық мәдениетін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, жолын кесу, әшкерелеу және тергеу жөніндегі қызмет;

3. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4. сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына әкелетін себептер мен жағдайлардың пайда болу мүмкіндігі;

5. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызмет;

6. пара – лауазымды тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздікті) орындауға көндіру мақсатында берілетін ақша, мүлік, артықшылық немесе өзге де пайда.

4-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі

4.1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы, сондай-ақ қызметкерді сыбайлас жемқорлық әрекет жасауға итермелеу фактілері туралы хабарлау – Училище қызметкерлерінің міндеті.

4.2. Училище қызметкерлері кез келген осындай жағдай туралы дереу комплаенс-офицерге хабарлауға міндетті.

4.3. Хабарлама жазбаша түрде бір күн ішінде:

- антикоррупциялық саясатты іске асыруға жауапты тұлғаға тікелей тапсыру арқылы;
- электрондық пошта арқылы;
- арнайы «Сенім жәшігі» арқылы жолданады.

Сенім жәшігі аптасына екі рет ашылады.

Хабарламалардың құпиялылығы Училище басшылығы және жауапты тұлға тарапынан қамтамасыз етіледі.

4.4. Егер хабарламаны белгіленген мерзімде жіберу мүмкін болмаған жағдайда (ауру, іссапар, демалыс және т.б.), қызметкер жұмыс орнына келгеннен кейін бір күн ішінде хабарлауға міндетті.

4.5. Хабарламада қамтылуға тиіс мәліметтер:

- тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны, кері байланысқа қажетті ақпарат;
- қызметкерді сыбайлас жемқорлық әрекетіне итермелеу жағдайының мән-жайлары;
- ықпал етуге тырысқан тұлға туралы мәліметтер (физикалық/заңды тұлға);
- оқиға күні, уақыты, орны;
- ұсынылған пайда, күтілетін нәтижелер;
- куәгерлер туралы ақпарат (болған жағдайда);
- хабарламашының қолы және күні.

4.6. Жауапты тұлға хабарламаны алған күні оны Журналға тіркейді және Училище директорын хабардар етеді.

4.7. Анонимдік хабарламалар Журналға «Анонимді» белгісімен тіркеледі және қаралмайды.

5-бөлім. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған кездегі іс-әрекет тәртібі

5.1. Тексеру ұйымдастыру мақсатында жауапты тұлға үш жұмыс күні ішінде Комиссия құрады.

5.2. Тексеру барысында анықталуға тиіс:

- жағдайдың туындауына себеп болған себептер мен жағдайлар;
- қызметкерге сыбайлас жемқорлық әрекет жасауға итермелеудің мән-жайлары.

5.3. Комиссия тексеруді аяқтағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде директорға жазбаша қорытынды ұсынады.

5.4. Қорытындыда көрсетіледі:

- Комиссия құрамы;
- тексеру мерзімдері;
- тексеру негізі;
- хабарлау фактісінің дәлелденуі немесе жоққа шығарылуы;
- себептер мен жағдайлар;
- өзге де анықталған мән-жайлар.

5.5. Факт расталған жағдайда Комиссия директорға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын болдырмау шаралары туралы ұсыныстар енгізеді. Директор материалдарды уәкілетті антикоррупциялық органға жолдау туралы шешім қабылдайды.

5.6. Егер факт расталмаса, бірақ қызметтік этика талаптарын бұзу немесе міндеттерін орындамау байқалса, материалдар үш жұмыс күні ішінде Училище Дисциплинарлық комиссиясына беріледі.

6-бөлім. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Тәртіп қызметкерлердің немесе Училище басшылығының бастамасы бойынша қайта қаралуы мүмкін.

6.2. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар Училище ішкі актілерін қабылдау рәсіміне сәйкес енгізіледі.

**Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы
заңнаманың бұзылу фактілері немесе мүмкін бұзу
жағдайлары туралы хабарлау тәртібіне №1 қосымша**

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу мақсатында
жасалған өтініштерді тіркеу журналы**

№	Тіркеу күні мен уақыты	Хабарлама берген тұлға туралы мәліметтер			Хабарламаның қысқаша мазмұны	Хабарламаны қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә.	Ескерпелер
		Т.А.Ә.	Лауазымы	телефон			

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК

қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылу фактілері

немесе мүмкін бұзу жағдайлары туралы хабарлау тәртібімен

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ

[illegible]

